

Мемлекет басшысы Astana LRT жүйесін іске қосу рәсіміне қатысты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы қоғамдық көлікке, соның ішінде LRT жүйесіне мониторинг жүргізіп, жұмысын реттейтін Бірыңғай диспетчерлік орталықтың қызметімен танысты.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, LRT жүйесін іске қосу аясында жеңіл рельсті көліктің арнаулы диспетчерлік қызметі жасақталған. Қаладағы қоғамдық көлікке мониторинг жүргізу және оның қызметін реттеумен 21 маман айналысады.

Мемлекет басшысы жеңіл рельсті көліктің пайдалануға берілуі Астана мен еліміз үшін ерекше маңызды оқиға екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев елорда келешекте Еуразияның көлік хабына айналуға тиіс екенін айтты. Сондай-ақ жобаны табысты жүзеге асырған қытайлық компания тарапына ризашылық білдірді. Мемлекет басшысы LRT құрылысын жүргізіп жатқан қытайлық компания өкілдері мен CTS Transportation, Astana LRT жұмысшыларына сәттілік тілеп, жобаны одан әрі жалғастыруды тапсырды.

Содан кейін Президент Astana LRT жұмысын іске қосты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 001 сериялы карта берілді. Мемлекет басшысы LRT жүйесінің алғашқы жолаушысы ретінде «Әуежай» станциясынан «Ұлттық музей» станциясына дейін жүрді.

LRT жүйесінің әр құрамы 600-ден астам жолаушы тасымалдауға арналған. Ұзындығы 22,4 шақырым болатын желі арқылы 15 құрам жүргізушісіз жүреді (4 құрам резервте). Басқару, жылдамдықты арттыру және тежеу, есікті ашу үдерістері, сондай-ақ төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер толығымен автоматтандырылған. Қосымша бақылау үшін қолмен басқару және диспетчермен байланысқа шығу мүмкіндігі қарастырылған.

LRT инфрақұрылымында 18 станция мен заманауи депо бар. Бағыт

бойынша жолдың ұзақтығы шамамен 40 минутты құрайды. Құрамдар сағатына 50-60 шақырым орташа жылдамдықпен 5-6 минут сайын жүреді.

Қоғамдық көлікті одан әрі дамыту мақсатында LRT жобасының екінші кезегі іске асырыла бастады. Атап айтқанда, «Астана-1» вокзалы, «Жағалау» шағын ауданы, Қосшы қаласы бағыты бойынша жаңа желінің құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. 20 станциядан тұратын екінші кезеңнің жалпы ұзындығы 26,5 шақырымды құрайды.

Ақорда.кз.



Ақмола облысының әкімдігі мен Қазақстан Халық Банкі бизнеске қолдау көрсету саласындағы ынтымақтастықты нығайтуда

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов пен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ басқарма төрайымы Үміт Шаяхметова өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Құжат бірнеше бағыт бойынша серіктестікті дамытуға бағытталған. Олардың қатарында – әлеуметтік маңызы бар және креативті жобаларды қолдау, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, кәсіпкерлікті дамыту, цифрлық және серіктестік бастамаларға қатысу бар.

Шағын және орта бизнесті қолдау өңір үшін негізгі жұмыс бағыттарының бірі болып қала береді. Соңғы жылдары Ақмола облысында бұл мақсатта республикалық және жергілікті бюджеттерден қомақты қаражат жұмылдырылды, соның арқасында ауыл шаруашылығы, өңдеу, қызмет көрсету, сауда және экономиканың басқа да салаларында сәтті жобалар жүзеге асырылуда.

Халық банкінің қатысуымен өңірде жүздеген кәсіпкерлік бастамалар, соның ішінде шағын және орта бизнес жобалары



қолдау тапты. Мысалы, көктемгі егіс жұмыстарын жеңілдікпен несиелеудің «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша өңірдің ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері қомақты қолдауға ие болды, бұл ретте қаржыландырудың негізгі көлемі Халық банкі арқылы іске асты.

«Банк мемлекеттік саясаттың сенімді серіктесіне айналғанын атап өткім келеді, алдағы уақытта да ынтымақтастық орнатып, шағын және орта бизнеске қолдау көрсетіледі деп үміттенеміз. Бірлескен жобаларды жүзеге асыру өңірді дамыту мен кәсіпкерлік бастамалар үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынына сенімдімін», – деп атап өтті Марат Ахметжанов.

Банктің басқарма төрайымы бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыруға және экономиканы дамыту мен жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған жобаларды қолдауға ынтымақтасу екенін алға тартты.

Ақмола облысының әкімдігі.

Абыз ақсақалды еске алу кеші өтті

Қаламыздағы №2 жалпы білім беретін мектебінде ауданымыздың «Құрметті азаматы», ақын, ұлағатты ұстаз Ермек Қаратайұлын еске алу кеші өтті. Оған аудан әкімі Ардақ Дулатұлы Смайлов, «Аманат» партиясының Ақмола облыстық филиалының төрағасы Берген Маратұлы Беспалинов, аудан әкімінің орынбасары

Кенжебике Негметжанқызы Исмағамбетова, облыстық мәслихат депутаты Клара Тұңғышқызы Меңдібаева, аудандық мәслихат төрағасы Нұрбек Балтабеқұлы Сексенов, «Аманат» партиясының аудандық филиалының төрайымы Раушан Түркіменбайқызы Хожабай және басқа да білім басшылары, ұстаздар мен мектеп

ата өмірінің соңына дейін қолынан қаламын тастамай өтті. Артында мұра болып «Жыр десте», «Сағыныш», «Білгенге маржан», «Жан шуақ» жыр жинақтары, атқарған еселі еңбектері, өнегелі өмір жолы қалды.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.



оқушылары қатысты. Кеш барысында Ермек Қаратайұлының өнегелі өмірі туралы айтылып, өлеңдері оқылды. Ермек атаның көзі тірісінде сөйлеген сөздері бенебаян арқылы көрсетіліп, ақынға арнау өлеңдер оқылып, әндер шырқалды. Ермек атамның өмірінің соңына дейін балаша күткен апамыз еске алу кешін ұйымдастырушыларға, барша көпшілікке ақжарма тілегін білдірді.

Ермек ата: «мен балалық шақ пен ерте қоштастым» деп отыратын еді. Ондағысы Ермек ата 1930 жылы дүниеге келді. Ал, 1931-1932 жылдары қолдан жасаған ашаршылықтың қазақ халқының қабырғасын қайыстырғаны белгілі. Одан қалды жығылғанға жұдырық болып, Ұлы Отан Соғысы басталды. Балалық шағы осындай қысылтаяң шақтарға тап келді. Сол кездегі тағдыр қиыншылығы Ермек атаны тасболаттай түлетті. Еңбекке ерте араласып, қай саланың болсын биігіне беттеп, қоғам дамуына өз үлесін тигізді. Қаламыздағы №5 қазіргі №2 білім ордасының салынуына Ермек атаның тікелей септігі тиген. Ермек



ӘРТҮРЛІ ТАҚЫРЫПТАР – НА РАЗНЫЕ ТЕМЫ

Партийные задачи должны выполняться системно и качественно

Первый день новой недели выдался насыщенным на партийные мероприятия. Буландынский район с рабочим визитом посетил председатель филиала партии «AMANAT» по Акмолинской области Берген Беспалинов и по случаю Дня партии «AMANAT» в районном акимате был созван партийный актив, на котором Берген Маратович озвучил итоги проделанной работы, обозначил планы на ближайшую перспективу. В своем выступлении партийный руководитель отметил, что за

сферы и укрепление экономики. Также были обозначены приоритетные задачи на ближайшее время, среди которых - поддержка молодежи, развитие регионов, усиление взаимодействия с населением и поэтапная реализация партийных проектов с минимизацией рисков. В рамках актива состоялась церемония награждения активистов партии, а также вручены партийные билеты вновь вступившим в партийные ряды. Берген Маратович выразил благодарность буландын-



ва Берген Маратович в сопровождении членов Комиссии партийного контроля при партии «AMANAT» Буландынского района во главе с председателем, депутатом Акмолинского областного маслихата Кларой Мендыбаевой направились в социально-значимый объект - городской парк, расположенный в красивом живописном месте - в районе бывшей Степгеологии. Следует отметить, что Комиссия партийного контроля часто выезжает на объекты, как в районном центре, так и в сельских округах. Ведь рациональное освоение бюджетных средств требует должного контроля, так как за каждым качественно выполнен-

ным проектом стоят ожидания людей. Комиссия встретилась с представителем подрядной организации. Особое внимание здесь уделяется озеленению и созданию комфортных условий для отдыха горожан всех возрастов. На территории: прогулочные площадки, зоны тихого отдыха и освещенные пешеходные маршруты. В данный момент на объекте остаются, что называются, «последние штрихи». Также в этот день с миссией партийного контроля гости района и местного депутатский корпус побывали в Центре оказания специальных социальных услуг г. Макинска, чтобы ознакомиться с условиями проживания здесь-

него опекаемых - людей мудрого возраста. В Центре нас встретили с радушием, показали бытовые условия, в которых живут опекаемые, организовали небольшой концерт. В беседе с пожилыми людьми было отмечено, что государство делает всё возможное, чтобы люди, волею судьбы оказавшиеся в Центре, проживали в достойных и комфортных условиях, были окружены заботой, вниманием и необходимой поддержкой. По словам самих постояльцев, здесь созданы все условия для спокойной и безо-

падной жизни пожилых людей, организован качественный уход, медицинское сопровождение и досуг. В завершение визита партий-



прошедший период удалось реализовать ряд значимых инициатив, направленных на повышение качества жизни граждан, развитие социальной

схим однопартийцам за гражданскую активность, за неравнодушное отношение к судьбе и развитию региона.

Сразу после заседания акти-



работ, но и их качеству, чтобы каждая инициатива приносила реальную пользу жителям и отвечала запросам общества.

А. АМАНЖОЛОВА.

27 МАМЫР – ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІНІҢ БІРІНШІ КҮНІ!

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мадақ-мақтау әлемдердің Жаратушысы Алла Тағалаға тән, сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға салауаттар мен сәлемдер болсын!

Ассаламуалейкум қадірменді жамағат, құрметті мүмін-мұсылмандар! Әлем мұсылмандарының ұлық мерекесі, қасиетті құрбан айт құтты болсын! Алла Тағала пенделерінің ізгілік амал атқарып, көбірек сауап істер жасауы үшін кейбір күндер мен түндерді басқаларынан артық етіп қойды. Сондай мұсылман баласының Жаратушысының кешіріміне бөленуге тырысып, ізгі амалдарға ерекше ынта танытуы қажет уақыттың бірі - осы құрбан айт мерекесінің кезеңі.

Қасиетті құрбан айт уақытында атқарылатын амалдар реті мынадай:

Бірінші: Тәкбір ташриқ айту

Зұлхиджа айының алғашқы он күнінде Алла Тағаланы көбірек ұлықтап, мақтау сөздерін айтып жүру қажет. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

«Алла Тағаланың құзырында осы он күнде жасалған ізгі амалдан азбал әрі сүйкімді іс жоқ. Ендеше, ол күндері тасбих (субханалла), тахмид (әлхамду лилла), тәһлил (лә иләһа илләлла), тәкбір (Аллаһу акбар) сөздерін айтуды көбейтіңдер», - деген (имам Ахмад).

Ал тәкбір ташриқ айту - намаз оқу міндет болған әрбір мұсылманға уәжіп. Алла Тағала қасиетті Құранның «Бақара» сүресінің 203-аятында:

«Санаулы күндері Алланы еске алыңдар!», - деп бұйырған.

Аяттағы «санаулы күндер», - дегенді Әзірет Әли (Алла оған разы болсын) арапа күнгі таң намазынан бастап, айттың төртінші күні екіні намазының соңы деп тәпсірлеген. Демек, ташриқ тәкбірі зұлхиджа айының 9-ы күнгі таң намазынан бастап, әр парыз намаздың соңында айтылып, зұлхиджаның 13-і күнгі екіні намазына дейін жалғасады. Яғни 23 парыз намазды қамтиды. Тәкбір ташриқты намазды жеке оқыған адам да, жамағатпен оқыған адам да айтады. Бір мәрте айту - уәжіп, одан көбірек айту мұстахап амал саналады. Ер адам дауысын көтеріп, әйел адам ішінен айтуы қажет. Сүннет, үтір және нәпіл намаздардан кейін тәкбір ташриқ айтылмайды.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз хадисінде:

«Ташриқ күндері - тамақтану, су ішу және Алла Тағаланы еске алу күндері», - деген (имам Муслим).

Мәшһүр Жүсіп бабамыздың: «Айтылды: «Алла-акбар» екі жерде, намаз бен

құрбан шалу келді бірге», - деп, бұл күндері Алла Тағаланы ұлықтаудың артықшылығы жөнінде айтқан.

Тәкбір ташриқ дұғасы:

«Алла ұлық, Алла ұлық, Алладан өзге тәңір жоқ, Алла ұлық, Алла ұлық, Барлық мақтау Аллаға тән», - деп айтылады.

Жәбір атты сахабадан (Алла оған разы болсын) жеткен хадисте: Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) арапа күні таң намазын оқығаннан кейін сахабаларына бұрылып: «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар. Лә иләһа илләллаһу уаллаһу әкбар. Аллаһу әкбару уә лилләһи-л-хамд», - дейтін. Осылайша арапа күнінің таң намазынан бастап, соңғы тәшриқ күнінің екіні намазына дейін айтатын», - делінген (имам Даракүтһи)

Екінші: Айт намазына дайындалу
Мерекенің алғашқы күні айт намазына барарда ғұсыл құйынып, әдемі таза киім киіп, хош иіс сеуіп барған жөн. Алла Тағала қасиетті Құранның «Ағраф» сүресінің 31-аятында:

«Қай кезде де мешітке болсаңдар таза әрі әдемі киімдеріңді киіңдер», - деп бұйырған.

Фақиһ ибн Сағд (Алла оған разы болсын): «Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ораза, құрбан айт және арапа күндері ғұсыл құйынатын», - десе, Хасан ибн Әли (Алла оған разы болсын): «Бізге Алла Елшісі айт күні ең жақсы иисуді себүді бұйырған еді», - деп айтқан.

Айт намазына мешітке бара жатқанда тәкбір айтқан дұрыс. Сондай-ақ айт намазына баратын адамның өзге жолмен барып, қайтарда өзге жолмен қайтуы - мұстахап. Әбу урайра (Алла оған разы болсын):

«Пайғамбар айт күндері әртүрлі жолмен жүретін», - деп айтқан (имам Бухари).

Ғалымдарымыз хадистегі «хәләфә әт-тариқ» дегенді: «Намаздан қайтқан уақытында барған жолынан өзге жолмен қайтатын. Сауабы мольрақ болу үшін барғанда ұзақтау жолмен баратын, ал қайтарда қысқа жолмен қайтатын», - деп ашықтаған. Өйткені бару қайтқаннан гөрі сауап тұрғысынан азбал. Сонымен қатар жолда тұратын адамдарды мерекемен құттықтау үшін де Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айт намазына бір жолмен барып, қайтарда өзге жолмен жүрген.

Ибн Омар (Алла оған разы болсын): «Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айтқа жаяу барып, жаяу қайтатын», - деп айтқан. Әли ибн Әбу Талиб (Алла оған разы болсын): «Айт намазына жаяу бару және одан жаяу қайту сүннет болып табыла-

ды», - деген. Имам Ибн Қудам (Алла оны мейіріміне бөлесін) «әл-Мүғниде» имам Ахмадтың (Алла оны мейіріміне бөлесін): «Егер айт намазы оқылатын жер алыс болмаса, біз айт намазына жаяу шығамыз. Айт намазы оқылатын орын алыс болса, онда оған көлікпен баруда еш жаманшылық жоқ», - дегенін жеткізген.

Әрі құрбандық етімен ауыз ашу үшін намаздың алдында ештеңе жемеу мұстахап амал саналады. Хадис шәріпте: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ораза айт намазына тамақ ішпей бармайтын, құрбан айт намазына тамақ ішпей баратын еді», - делінген (имам Тирмизи).

Үшінші: Айт намазын оқу

Айт намазы шариғат тарапынан мұсылмандарға уәжіп етіліп хижраның бірінші жылында енгізілді. Әнастың айтуынша, Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдинаға келгенде мәдиналықтар тойлайтын екі күн болатын. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бұлар не қылған екі күн?» - деп сұрайды. Олар: «Исламнан бұрын осы екі күнде ойнап, көңіл көтеретінбіз» - дейді. Сонда Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Расында, Алла ол екеуін одан да жақсырақ мерекелерге: Құрбан айтты мен Ораза айтына айырбастады» - деді.

Жұма намазы парыз болған әр мұсылманға айт намазын оқу - уәжіп. Айт намазының уақыты күн бір немесе екі найза бойындай деңгейге көтерілгенде кіріп, оның аспан биігіне жетуімен шығады. Яғни күн шыққан соң жарым сағат өткенде айт намазының уақыты кіреді. Айт намазын имаммен бірге атқаруға үлгермеген адам оның қазасын өтемейді. Алла Тағала қасиетті Құранның «Қәусар» сүресінің 2-ші аятында:

«Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал!» - деп айтқан. Тәпсірде бұл аяттың Құрбан айт намазы мен құрбан шалу тура-сында екендігі айтылған.

Төртінші: Құрбандық шалу
Құрбан айтқа құрбандық шалу - әрбір ақыл-есі сау, жолаушы болмаған, мал-дүниесі нисап мөлшеріне жететін мұсылман адам үшін уәжіп. Алла Тағала қасиетті Құранның «Хаж» сүресінің 34-аятында:

«Біз әрбір үммет үшін өздеріне берген малдардан, Алланың атын атап құрбан шалуды бекіттік», - деген.

Шәкәрім қажы бабамыз өзінің «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінде: «Зекетке малы толған кісіге жылында құрбан күні бір қой шалмақ уәжіп болады», - деп айтса, Ыбырай Алтынсарин бабамыз «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты

кітабында: «Мұсылмандарға жыл сайын зұлхиджа айының оншы күнінде, яғни оразадан екі ай он күн өткен соң құрбан шалу уәжіп. Құрбан шалу Ибраһим пайғамбар уақытынан бері мирас болды», - деп жазған.

Хадис шәріпте: «Амалдар ниеттерге байланысты», - демекші, әрбір істі бастарда алдымен ниет ету керек. Құрбандық малын шалғанда да ниеттің тазалығы, шынайылығы маңызды. Себебі құрбандығымыз тек Аллаға арналып сойылуы керек. Қасиетті Құранның «Әнғам» сүресінің 162-аятында Алла Тағала ардақты Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

«Расында менің намазым, құрбандығым, тіршілігім және өлімім бүкіл Әлемнің Раббысы - Алла үшін! Оның серігі жоқ. Осылай бұйырылдым және мен мұсылмандардың алғашқысымын!» - деп айт», - деп бұйырған.

Құрбандық шалу тек мал бауыздаумен ғана шектелмейді. Онда адамның ішкі пейілі, дінге бекемдігі, тақуалығы, басқаларға жанашырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ пенденің пендешілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналады. Осы себепті де шалынған құрбандық етімен мұқтаж жандарға жәрдемдесудің сауабы үлкен. Қасиетті Құранның «Зәрият» сүресінің 19-аятында:

«Олардың малдарында қайыр сұраушының және (сұрауға намысы жібермеген) жарлының да ақысы бар», - делінген.

Сүннетке сәйкес құрбан етін үшке бөліп, бір бөлігін мұқтаж жандарға, екінші бөлігін туған-туыстарға немесе көршілерге, ал қалған бөлігін өз отбасына алып қалуға болады.

Қадірменді жамағат!

Алла Тағала пенделерінің ізгі амал жасап, құлшылықта ерекше бекем болулары үшін жыл ішінде үш он күнді таңдап алды. Олар:

Бірінші, рамазан айының ақырғы он күні. Себебі осы он күн ішінде Қадыр түні бар.

Екінші, зұлхиджа айының он күні. Себебі, бұл он күнде арапа күні, құрбан айт, қажылық сияқты тағы да басқа құлшылықтар бар.

Үшінші, мұхаррам айының он күні. Бұл айда Ашура күні бар.

Ендеше, осы күндерді барынша ізгілік, сауапты амалдармен өткізуге тырысайық. Алла Тағала елімізге амандық, жұртымызға тыныштық беріп, қажылық сапарындағы жерлестеріміздің сапарын оң етіп, баршамыздың оқитын айт намазымызды, шалатын құрбандығымызды қабыл етпей! Әумин!

Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының ресми сайтынан.

Округ тұрғындарының назарына

Никольск ауылдық округ әкімінің аппараты жалға алу құқығымен берілген жер учаскесінде құрылыс жұмыстарын аяқтап, нысанды пайдалануға енгізген азаматтардың жер учаскесіне жеке меншік құқығын рәсімдей алатынын хабарлайды.

Аталған мемлекеттік қызмет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы немесе электрондық үкімет порталы арқылы заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беріп, нысанды пайдалануға беру актісі мен жер учаскесіне қатысты құжаттарды ұсыну қажет.

Жер учаскесіне жеке меншік құқығын рәсімдеу меншік иесіне мүлкті толыққанды иеленуге және заңды түрде пайдалануға мүмкіндік береді. Қосымша ақпарат алу үшін ауылдық округ әкімінің аппаратына хабарласуға болады.

А. ШУРМАНОВА, Никольск ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

К сведению жителей округа

Аппарат акима Никольского сельского округа сообщает, что граждане, имеющие земельные участки на праве аренды и завершившие строительство объектов с вводом их в эксплуатацию, могут оформить земельный участок в частную собственность.

Данная государственная услуга оказывается в установленном законодательством порядке через Государственную корпорацию «Правительство для граждан» либо посредством портала электронного правительства.

Для получения услуги необходимо подать заявление и предоставить соответствующие документы, включая акт ввода объекта в эксплуатацию и документы на земельный участок.

Оформление права частной собственности на земельный участок позволяет собственнику полноценно распоряжаться недвижимым имуществом и обеспечивает защиту имущественных прав.

По вопросам получения государственной услуги жители могут обратиться в аппарат акима сельского округа.

А. ШУРМАНОВА, главный специалист аппарата акима Никольского сельского округа.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ – ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА

ӘЙЕЛ – ОТБАСЫНЫҢ ҒАНА ЕМЕС, ҚОҒАМНЫҢ ДА БЕРЕКЕСІ

Бұланды аудандық Іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы, Ақмола облыстық мәслихаттың депутаты, «ХПП Арна» ЖШС-нің басшысы Клара Мендібаева өңірдегі іскер әйелдер қауымдастығының мүшелері - Ақмола облысының жарқын, бастамашыл, креативті әрі белсенді әйелдерінен құралған делегацияны қасиетті Бұланды жерінде ерекше жылылықпен және шынайы қонақжайлықпен қарсы алды. Делегацияны Ақмола облыстық Іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Нұргүл Омарова мен төрайымның орынбасары Раушан Тұранова бастап келді.

Айта кету керек, әйелдер қауымының бұл тағылымды іс-шарасы «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты аясында өтті. Сондықтан кездесуге өңірлік Әйелдер қанатының үйлестірушісі, «AMANAT» партиясы Ақмола облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Ақманат Әлімбетова да қатысты.

Таңсәріден-ақ Бұланды ауданында ерекше қонақжайлық пен жылылықтың лебі сезілді. Қазақ халқының дархан дәстүріне сай қадірлі меймандарды ең алдымен ақ дастархан жайып, дәмді таңғы аспен қарсы алды. Бұл қонақтардың жол шаршауын басып,

алдағы мазмұнды күнге күш-жігер жинауына мүмкіндік берді. Дастархан басында жылы лебіздер айтылып, алғашқы жарқын әңгімелер өрбіді.

Таңғы астан кейін қонақтар аудан орталығымен танысты. Делегация қазақтың көрнекті қоғам қайраткері әрі жазушысы Сәкен Сейфуллиннің есімі берілген орталық көшемен жүріп өтті. Серуен барысында қатысушылар мешіт, мемлекеттік мекемелер, бизнес-орталық, әкімдік ғимараты, сауда үйлері мен өзге де маңызды нысандар орналасқан қаланың орталық бөлігін тамашалады. Қонақтар ауданның тыныс-тіршілігімен танысып, оның жайлылығы мен көркеюіне ерекше ықылас білдірді.

Аудандық мәдениет үйінің алдындағы кездесу ерекше әсерге толы болды. Қонақтарды ақжарма тілектер мен молшылықтың белгісі саналатын қазақтың ұлттық «Шашу» дәстүрімен қарсы алды. Мерекелік көңіл күйді жергілікті әнші, Балалар шығармашылығы және демалыс орталығының директоры Қазбек Қалиев пен аудандық мәдениет үйінің композитор-музыканты Жансейіт Түкібаевтың домбыра және баянның сүйемелдеуімен орындаған арнау әні толықтыра түсті. Бұл көрініс кездесуге ұлттық нақыш беріп, қонақтарға деген

зор құрметті айқын көрсетті. Сонымен қатар аудандық Тілдерді оқыту орталығының директоры, жергілікті ақын Жайнарбек Зандыбай келген меймандарды құттықтап, аудан жылу кездесулерге әрдайым ашық екенін атап өтті. Қатысушылар әсерлі сәттерді ұялы телефонға түсіріп, естелікке сақтауға асықты.

Аудандық мәдениет үйінде ашық әрі мазмұнды форматта «дөңгелек үстел» отырысы өтті. Оған Бұланды ауданы әкімінің орынбасары Кенжебике Исмағамбетова қатысты. Ол қонақтарды жылы қарсы алып, қоғамдағы белсенді әйелдердің өңірдегі жүздеген нәзік жандыларға көрсетіп жүрген қолдауы мен еңбегіне алғысын білдірді.

Кездесу барысында қатысушылар әйелдер кәсіпкерлігін дамыту, әйелдердің көшбасшылық әлеуетін арттыру, қазіргі қоғамдағы әйелдің рөлі сынды өзекті мәселелерді талқылады. Сонымен қатар тәжірибе алмасып, жаңа идеялар мен табысты жобалар жөнінде пікір бөлісті. Кездесу қорытындысында алдағы бірлескен жұмыстардың жоспары мен нақты шешімдер айқындалды.

Іс-шараның жалғасы көрікті табиғат аясында өтті. Қатысушылар әсем орманды аймаққа атбасын тіреп, таза ауа мен табиғаттың сұлулығына бөленді.



Дәл осы жерде кәсіби фотосессия ұйымдастырылды. Қазақы ұлттық және ауыл стиліндегі әсем образдар, көркем кәйлектер, ұлттық әшекейлер мен табиғи декорациялар бұл күнге ерекше сән берді.

Табиғат аясында жылы әңгіме, нетворкинг пен әсер алмасу жалғасты. Қазақ халқы ежелден қонақты ақ дастарханмен қарсы алып, шығарып салған. Осы дәстүрге сай жайылған мол дастархан достықтың, бірліктің, сыйластықтың белгісіне айналды. Қатысушылар өздерін таныстырып,

болашақ жоспарларымен бөлісіп, бір-біріне шабыт сыйлады. Ал игі дәстүр бойынша әрбір қатысушыға Клара Тұңғышқызынан естелік сыйлық табысталып, бұл кездесудің жарқын естелігі жүректерде сақталатын болды.

Мұндай кездесулер - жай ғана тәжірибе алмасу емес. Бұл - әйелдер арасындағы қолдау, шабыт, сенім мен жаңа идеялардың тоғысуы. Өйткені әйел бар жерде - өмір, береке, жылулық, жасампаздық және келешек ұрпаққа жол ашатын жаңа мүмкіндіктер бар.



ЖЕНЩИНА – ОПОРА И БЛАГОПОЛУЧИЕ НЕ ТОЛЬКО СЕМЬИ, НО И ВСЕГО ОБЩЕСТВА

Председатель Ассоциации деловых женщин Буландынского района, депутат Акмолинского областного маслихата, директор ТОО «ХПП Арна» Клара Мендыбаева вместе с командой женщин-единомышленниц, членов Ассоциации нашего района, на благодатной буландынской земле с особой теплотой и искренним радушием встретила делегацию ярких, амбициозных, креативных и деловых женщин Акмолинской области - членов Ассоциации деловых женщин региона. Делегацию возглавили председатель АДЖ Акмолинской области Нургуль Омарова и заместитель председателя Раушан Тұранова.

Следует отметить, что женское мероприятие прошло под эгидой Женского крыла партии «AMANAT», поэтому во встрече приняла участие координатор Женского крыла региона, заместитель исполнительного секретаря Акмолинского областного филиала партии «AMANAT» Ақманат Алимбетова.

С самого утра в Буландынском районе царил особая атмосфера гостеприимства и теплоты. По доброй казахской традиции дорогих гостей, прежде всего, встретили щедрыми и вкусными завтраком, чтобы после дороги каждая смогла немного отдохнуть, набраться сил и зарядиться энергией для предстоящего насыщенного дня. За дастарханом звучали теплые слова приветствия, смех и первые дружеские беседы.

После завтрака гости познакомились с городом. Делегация прошла по центральной улице, названной в честь выдающегося казахского общественного деятеля и писателя Сакена Сейфуллина. Во время прогулки участницы смогли увидеть

центральную часть города, где расположены мечеть, государственные учреждения, бизнес-центр, акимат, торговые дома и другие значимые объекты. Гости с интересом знакомились с жизнью района, отмечая его уют, благоустроенность и размеренный ритм.

Особенно торжественной и душевной стала встреча перед входом в районный Дом культуры, где гостей приветствовали красивым национальным обрядом «Шашу», символизирующим благополучие, радость и добрые пожелания. Атмосферу праздника наполнили теплые слова арнау под аккомпанемент домбры в исполнении местного вокалиста, директора Центра детского творчества и досуга Казбека Калиева и музыканта-композитора районного Дома культуры Жансеита Тукибаева, которые придали встрече особый национальный колорит и подчеркнули уважение к гостям. Местный поэт, директор районного Центра обучения языкам Жайнарбек Зандыбай поприветствовал гостей, отметив, что район всегда рад таким встречам и открыт для добрых инициатив. Многие участницы не скрывали эмоций и с удовольствием снимали происходящее на память.

В районном Доме культуры в формате открытого и конструктивного диалога состоялся «круглый стол», в котором приняла участие заместитель акима Буландынского района Кенжебике Исмағамбетова. Заместитель акима района поприветствовала гостей, выразив большую благодарность за активную женскую



позицию в обществе, приносящую сотням женщин в регионе неоценимую помощь. Активные представительницы прекрасного пола обсудили актуальные вопросы развития женского предпринимательства, раскрытия женского лидерского потенциала, роли женщины в современном обществе, а также обменялись опытом, идеями и успешными практиками. Итогом встречи стали выработанные практические решения и дальнейшие планы совместной работы.

Продолжением мероприятия стал выезд на природу - в живописную лесную зону. Свежий воздух, красота родной природы, шелест деревьев и теплая дружеская атмосфера стали прекрасным дополнением насыщенного дня. Именно здесь для участниц была организована профессиональная фотосессия. Особую атмосферу создали продуманные до мелочей образы в казахском национальном и деревенском стиле: красивые платья, украшения, декоративный антураж и искренние улыбки женщин сделали этот день по-настоящему ярким и

незабываемым.

На лоне природы продолжило теплое общение, нетворкинг и обмен впечатлениями.

Издавна казахский народ встречал и провожал гостей за дастарханом. Богато накрытый стол в честь приезда дорогих гостей стал символом дружбы, мира, единства и искреннего уважения. За праздничным дастарханом участницы познакомили себя, говорили о планах, вдохновляли друг друга новыми идеями, делились опытом и просто наслаждались моментом единения и душевного тепла. А по доброй традиции каждая участница получила памятный подарок от Клары Тунгушевы, чтобы эта встреча оставила в сердце самые теплые и светлые воспоминания.

Такие встречи - это не просто общение и обмен опытом. Это обмен женской энергией, вдохновением, поддержкой и новыми идеями. Ведь там, где женщина - там жизнь, уют, благополучие, созидание и новые горизонты для будущих поколений.

А. АМАНЖОЛОВА.

«Женщины – это источник вдохновения, муза творчества, эталон красоты, океан открытий. Все прекрасное в мире ассоциируется с образом женщины.»

На ваших плечах лежит множество забот, и далеко не всегда «женских». Но, несмотря на какие сложности, женщины неизменно остаются воплощением мудрости, обаяния, стойкости, решительности, ответственности, надежности. Вы обладаете удивительной способностью менять жизнь к лучшему, превращать сумерки в рассвет, делать невозможное реальностью и даже останавливать войны, утверждая мир. В этом кроется главный секрет и природная суть женского начала.

Не будет преувеличением отметить, что женщина - душа нации. Именно вы закладываете основы мировоззрения подрастающего поколения, прививаете им поведенческую культуру, возвращаете патриотизм, трудолюбие и стремление к знаниям.

Нынешнее поколение женщин продолжает традицию беззаветного служения Родине в школах и университетах, больницах и лабораториях, государственных учреждениях и общественных организациях, искусстве и бизнесе, а также на предприятиях, фермах, в воинских частях и многих других сферах жизнедеятельности государства.

Сердцевина проекта Новой Народной Конституции - Независимость, суверенитет, территориальная целостность государства, а также интересы и права граждан.

Вынесенный на референдум проект Основного Закона призван усилить защиту материнства и детства, институт брака и семьи. Проект Конституции направлен на повышение благосостояния народа, утверждение в обществе принципов законопослушания, бережного отношения к природе, справедливости, трудолюбия, ответственного и созидательного патриотизма.

Убежден, что честность, знания, энергия наших прекрасных женщин будут способствовать построению Справедливого, Прогрессивного Казахстана.

Из выступления Главы государства Касым-Жомарта Токаева на официальном мероприятии по случаю чествования женщин, март 2026 года.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІНЕ ОРАЙ

Әжелер салған әндер-ай!



Ән әуелеп, көгінен күй төгілген Буланды топырағы тағы бір әсерлі кештің куәсі болды. Сахна төрінде елдің жүрегінде жүрген сағындырған әндерді шырқап жүрген «Ақжаулық» халықтық көркемөнерпаздар ұжымының «Әжелердің әнімен өрілген ғұмыры» атты шығармашылық кеші өтті. Әжелердің шырқаған есті әндері, өнер ұжымдарының мерекелік тартулары кеш шырайын кіргізді. Әжелеріміз кеш шымылдығын «Саған халқым-ай», «Бипыл», «Көгілдір Көкше» әндерімен ашты. «Ақжаулық» халықтық көркемөнерпаздар ұжымының бір артықшылығы да осы елдің жадынды жүрген халық әндерін орындайды. Кеш барысында «Алтынай» би ансамблі мың бұрала би билесе, «Оқжетпес» тобының әншісі, дәстүрлі әнші Қазыбек Қалиев Біржан салдың «Жонып алды» әнін орындады. Бұл ән домбыра ұстағанның бәрі орындай беретін ән емес. «...

Келетін нақысына жүз құбылтып, Кейде өрлеп, кейде шалқып, баяулатқан...» - деп Біржан салдың өзі айтқандай әншінің әншісі ғана орындайтын ән. Шығармашылық кешке көршілес Бурабай ауданына қарасты Шиелі ауылының «Сәулем-ай» әжелер тобы келіп әннен шашу шашты. «Ақжаулық» халықтық көркемөнерпаздар ұжымының жетекшісі, негізін қалаушы Рауза Хамитқызы Киикова және аудандық мәдениет үйінің әншісі Дина Баймбетова «Қаракөз сүйгенім» әнін орындады. Кештің бір қуанышты жаңалығы ауданымызға қарасты Қараөзек ауылында жаңа құрылған «Шаңырақ» әжелер тобының сахнаға алғаш шығуы болды. Қараөзек ауылынан да әжелер тобының құрылғаны көңілімізге қуаныш ұлатты. Өйткені әже мектебінде, әже тәрбиесінде даналық, ұлттық құндылықтарымыз жатыр. Ақ кимешек киген аналардың әрбір

әнінде- тарих, әрбір сөзінде - тәрбие, әрбір қадамында - өнеге бар. Олар сахнаға тек ән айту үшін емес, ұрпаққа ұлттық құндылықты жеткізу үшін шығады. Жалпы «Ақжаулық» халықтық көркемөнерпаздар ұжымының шығармашылық кеші көпшіліктің көңілін тербеген рухани кеш болды.

Аудандық Мәдениет үйінің директоры, аудандық мәслихат депутаты Әлішер Жәнібекұлы Кенжеғалиев құттықтау сөз сөйлеп, аудан әкімінің атынан Алғыс хаттар табыс етті. Аудан басшысы Ардақ Дулатұлының Алғыс хатымен «Ақжаулық» халықтық көркемөнерпаздар ұжымы, Шиелі ауылының «Сәулем-ай» әжелер тобы және Қараөзек ауылының «Шаңырақ» әжелер ансамблі марапатталды. Сондай-ақ аудан әкімінің Алғыс хатымен: Бұрымбава Күлзипа Саруарқызы, Тұрғынбаева Қайыржан Қайруллинқызы, Уахито-

ва Зейнеп Какманқызы, Қуандықова Күлпаш Каканқызы, Абсаметова Зәуреш Қосманқызы, Идрисова Баян Хамитқызы, Токубаева Құстай Қастайқызы, Бауқенова Батима Зейноллақызы, Анкинова Қарлығаш Әшімқызы, Әлжанова Әлия Асқарқызы, Киикова Рауза Хамитқызы, Түкібаев Жансейіт Нәштенұлы және Жүнісова Рауза Бапесқызы марапатталды.

«Ақжаулық» әжелер ансамблі 2013 жылы құрылды. Ұлттық құндылықтарды ұлықтап, ұмыт бола бастаған халық әндерін шырқап еселең ұрпаққа тәлім-тәрбие көресту мақсатында құрылған топ содан бері сахнамыздың сәніне айналып келеді. Алағаш құрылған жылы Степногорск қаласында өткен «Қарттарым асыл қазынам» атты өнер сайысының іріктеу кезеңінен өтіп, Көкшетау қаласында жүлдегерлер қатарынан көрінген еді. Басында айтқандай

жетекшісі Рауза Хамитқызы Киикова. Әжелердің әрдайым бастарын қосып, үлкен сахнаға шығару әрине оңай дүние емес. Бірақ Рауза Хамитқызы әр әженің тілін тауып, қас қабағына қарап олардың бір мақсатқа жұмылып, өнер төңірегінде бас қосуларына үлкен мүмкіндіктер жасап келеді. Әжелеріміздің әндерін алғаш баян аспабында сүйемелдеген марқұм Өнербек Мәмидолда болса қазір Жансейіт Түкібаев сүйемелдейді.

2019 жылы «Ақжаулық» әжелер ансамбліне «Халықтық көркемөнерпаздар ұжымы» атағы берілді. Ақ кимешек киген әжелеріміз тек сахнаның сәні ғана емес, ұлттық құндылықтарымыздың ұйтқысы, төл өнерімізді төрге шығарар жанашырлары. Сіздер барда ел есінде жүрген әндер қайта жаңғырып, жүрекпен жүрекке жете берері сөзсіз.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.

«Жизнь, влётённая в песню»: творческий концерт народного коллектива «Ақжаулық»

В минувшую пятницу в концертном зале Буландынского районного Дома культуры состоялся яркий и душевный творческий вечер народного самодеятельного коллектива «Ақжаулық» под символическим названием «Әжелердің әнімен өрілген ғұмыры» - «Жизнь, влётённая в песню».

Концерт стал настоящим праздником народного искусства, где переплелись традиции, музыка, преемственность поколений и глубокое уважение к образу казахской бабушки - хранительницы очага, мудрости и духовных ценностей.

С первых минут мероприятия зрительный зал погрузился в атмосферу тепла и национального колорита. Ведущие подчеркнули, что бабушка в казахской культуре - это не только хранительница семьи, но и «золотой якорь воспитания», передающий молодому поколению духовные ориентиры и нравственные ценности.

Народный самодеятельный коллектив «Ақ жаулық» был создан 1 августа 2013 года по инициативе отдела культуры и развития языков Буландынского района и районного Дома культуры. Ансамбль бабушек является хранителем национальных традиций и центром добрых, нравственных дел. Коллектив популяризирует забываемые народные песни и передаёт молодому поколению ценность и красоту национального искусства. Особенность народных песен заключается в их естественности и глубоком эмоциональном воздействии - они легко запоминаются и находят отклик в сердце.

Женщины мудрого возраста, несмотря на выход на заслуженный отдых, продолжают оставлять поучительный след для подрастающего поколения. Представительницы старшего поколения стремятся идти в ногу со временем, при этом активно занимаясь сохра-

нением и популяризацией национальных традиций. Главная цель коллектива - пропаганда песенного искусства казахского народа, его обычаев и традиций среди будущих поколений.

Руководителем народного самодеятельного коллектива «Ақжаулық» является талантливая и энергичная вокалистка, обладательница прекрасного голоса Роза Киикова. Долгие годы баянистом ансамбля известный в районе музыкант Мамидолда Өнербек. До последних дней жизни он посвящал себя искусству и творчеству, поэтому его вклад в жизнь ансамбля и культуры района огромен. В 2013 году коллектив принял участие в областном конкурсе трудовых ветеранов «Қарттарым - асыл қазынам», который проходил в городе Степногорск. Пройдя отборочный этап, ансамбль стал дипломантом конкурса в городе Кокшетау.

Вокальная группа «Ақжаулық» активно участвует в районных и областных культурных мероприятиях. На протяжении многих лет коллектив украшает праздничные концерты и культурно-массовые мероприятия, заслужив искреннюю любовь и уважение жителей района.

Прекрасные достижениями коллектива «Ақжаулық» всегда дают огромную



мотивацию плодотворно трудиться, в первую очередь, руководителю ансамбля Розе Кииковой и всем участникам.

За годы своей деятельности «Ақжаулық» становится постоянным участником районных культурных мероприятий, дипломантом областных конкурсов среди ветеранов; обладателем благодарственных писем за вклад в развитие национальной песни.

Коллектив вносит вклад в воспитание молодежи через популяризацию традиций и национального наследия; регулярно обновляет и расширяет свой репертуар народных песен.

Сегодня коллектив «Ақжаулық», совместно с баянистом Жансейитом Тукибаевым, вносит значительный вклад в развитие культурной жизни района и занимает достойное место среди творческих коллективов, популяризирующих национальное искусство.

Творческая программа концерта ансамбля, состоявшая в прошлую пятницу на главной сцене района, была насыщенной и разнообразной. Со сцены прозвучали любимые народные и эстрадные песни в исполнении участниц коллектива «Ақжаулық» и приглашённых артистов. В их числе - «Ей, саған халқым-ай», «Бипыл», «Көгілдір Көкше», «Туған жер», «Құстар», «Қаракөз» и другие произ-

ведения, наполненные любовью к родной земле и народным традициям.

Особую атмосферу вечеру придали выступления танцевального ансамбля «Алтынай», а также вокальные номера ансамбля бабушек «Сәулем-ай» села Шиелі соседней Бурабайского района и коллектива «Шаңырақ» из села Караөзек. Каждое выступление сопровождалось искренними аплодисментами зрителей.

Между концертными номерами ведущие напоминали о высокой роли женщин старшего поколения в обществе, подчеркивая, что именно через их песни, мудрость и жизненный опыт сохраняется духовное наследие народа.

Особым моментом вечера стала торжественная церемония награждения. Благодарственными письмами акима района и управления культуры Акмолинской области были отмечены коллектив «Ақжаулық», а также другие творческие ансамбли и активные участники культурной жизни района.

Тёплые слова поздравления прозвучали также от руководителя коллектива «Ақжаулық» Розы Кииковой и приглашённых гостей, подчеркнувших важность сохранения народного искусства и поддержки самодеятельного творчества.

Завершился концерт на высокой эмоциональной ноте. Организаторы выразили благодарность зрителям за внимание и поддержку, пожелав, чтобы народная песня продолжала жить, объединять поколения и вдохновлять людей.

Встреча любимого ансамбля и благодарных поклонников стала настоящим символом уважения к бабушкам, традициям и духовной культуре казахского народа.

(Продолжение на 5 стр.)

КО ДНЮ РАБОТНИКОВ КУЛЬТУРЫ И ИСКУССТВА

«Жизнь, влетённая в песню»: творческий концерт народного коллектива «Ақжаулық»

(Продолжение, начало на 4 стр.)
ЧЕЛОВЕК УДИВИТЕЛЬНОГО ТАЛАНТА, НЕИССЯКАЕМОЙ ЭНЕРГИИ И ШИРОКОЙ ДУШИ

Беспорно, мотиватором и вдохновителем коллектива является его руководитель Роза Киикова. И сегодня, пользуясь случаем, мы бы хотели рассказать о ее творческом и жизненном пути.

Роза Хамитовна Киикова родилась 19 июня 1971 года в селе Кудыкагаш бывшего Енбекшильдерского района, ныне района Биржан сал, Акмолинской области. С ранних лет проявляла интерес к музыке, творчеству и общественной деятельности.

В 1978-1986 годах обучалась в восьмилетней школе села Кудыкагаш. Затем продолжила обучение в средней школе совхоза «Советский» Уалихановского района (ныне район Биржан сал), которую окончила в 1988 году.

В этом же году поступила в Кокшетауское училище (ныне высший колледж) культуры имени Акана сері на факуль-



тет клубного дела по специальности «Руководитель оркестра русских народных инструментов». Учебу успешно завершила в 1990 году.

Свою трудовую деятельность Роза Хамитовна начала в 1991 году в должности заведующей клубом совхоза «Советский». Уже тогда она проявляла себя как активный, инициативный и творческий человек, умеющий объединять людей и создавать атмосферу настоящего праздника.

В 1992 году переехала в родное село Кудыкагаш, где работала преподавателем

домбры в музыкальной школе. Одновременно исполняла обязанности заведующей сельским клубом, продолжая развивать культурную жизнь села и прививать любовь к искусству молодому поколению.

В 2002 году переехала в город Макинск. В 2003-2006 годах трудилась методистом по работе с детьми в централизованной библиотечной системе. Ее труд всегда отличали ответственность, доброжелательность и искреннее отношение к людям.

С 2013 года и по настоящее время Роза Хамитовна являет-



ся руководителем вокального ансамбля «Ақжаулық» при Доме культуры Буландынского района. Под ее руководством коллектив стал активным участником районных и областных мероприятий, заслужив любовь и признание зрителей.

Роза Киикова - человек удивительного таланта, неиссякаемой энергии и широкой души. Ее знают как яркую, творческую личность, которая своим искусством дарит людям тепло, радость и вдохновение.

Особое восхищение вызывает ее голос - красивый, необычный, наполненный искрен-

ностью и глубиной. Песни в исполнении Розы Кииковой льются словно горные ручьи: легко, чисто и проникновенно, затрагивая самые тонкие струны души слушателей. В каждом выступлении чувствуется любовь к музыке, сцене и людям.

Ее отличают живой, шустрый нрав, невероятная энергетика и прекрасное чувство юмора. Она умеет поддержать, вдохновить, объединить вокруг себя людей и повести их к общей цели. Рядом с ней всегда царят доброжелательность, движение и позитив.

На протяжении многих лет Роза Хамитовна активно участвует в районных культурных и творческих мероприятиях, внося большой вклад в развитие культуры и сохранение народных традиций.

Особой гордостью Розы Хамитовны является ее семья. Она - заботливая мать троих детей, которым дала достойное воспитание, привив уважение к труду, культуре и семейным ценностям.

Активная, позитивная, искренняя и талантливая, Роза Киикова заслуженно пользуется уважением коллег, друзей и всех, кто знаком с ее творчеством и человеческими качествами.

От всей души хотелось бы поздравить коллектив «Ақжаулық» с профессиональным праздником - Днем работников культуры и искусства РК. Пожелать неиссякаемого творческого вдохновения, крепкого здоровья и энергии еще на долгие годы, больших сцен и ярких выступлений, благодарной публики и море оваций!

А. АМАНЖОЛОВА.

